

М.К. Ахметова



, Л.А. Еспекова\*



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: ma7988335@gmail.com, \*espekova@bk.ru)

### Тілдік санадағы сакралды лексика көріністері

---

**Аңдатпа.** Әлемдегі ұлт тілдерінің лексика-семантикалық жүйесінде ортақ сипаттар мен сол тілді иеленушілерге тән семантикалық кеңістік бөліктері болады. Солардың ішінде сакралды лексика әрбір ұлттың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, таным-түсінігімен, дінімен ажырамас бірлікте қарастырылып, ұлт тіліне тән мағыналық кеңістікті түзетін лексикалық топты құрайды.

Қазақ лингвистикасында сакралды лексиканың семантикасы, этимологиясы, киелі сөздердің ұлттың тұрмыс-тіршілігі, танымымен байланысы, қасиет-киені иеленуінің басты себептері этнография, тарих, мәдениет салаларымен сабақтастықта зерттелгенімен, бүгінгі ұрпақтың тілдік санасындағы сакралды лексиканың қалайша ұғынылып, қабылданатыны, қандай сөздермен репрезентацияланатыны қарастырылмады. Сондықтан мақала тілдік сана көріністері арқылы ұлттың, ұлт тілінің өміршеңдігін анықтауда ғылыми-тәжірибелік жағынан өзекті.

Ұлт таным-түсінігінде киелі семаны иеленген бірліктердің қазіргі уақыттағы ассоциациялық көріністерін айқындау – зерттеудің мақсаты. *Бесік, садақ, ұршық* сөздерімен байланысты тілдік санадағы бейнелерді анықтау тіл мен ұлттың ажырамас бірлігін түсінуге, ұлттық кодтың сақталуын бағамдауға, жаһандану дәуірінде, мәдениеттер тоғысында өмір сүріп жатқан ұлттың бірегейлігін ана тілі арқылы тануға мүмкіндік береді.

Тілдік санадағы сакралды лексика көріністері еркін ассоциациялық тәжірибе, сауалнама жүргізу арқылы айқындалды. Нәтижесінде тілдік сана көрінісінде ұлттық сипаттың басымдығы ашылды, сакралды бірліктердің жастар санасында халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланысты ақпараттармен сақталғаны анықталды. Бұл тіл арқылы ұлтты сақтауда, қазақ танымындағы киелі дүниелердің мән-мағынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды. Тәжірибеге қатысушылардың жекелеген жауаптарынан өзге мәдениеттің де ықпалы байқалды. Ол *бесік, садақ, ұршық* стимул сөздеріне берілген реакциялар арқылы айқындалды.

**Түйін сөздер:** тілдік сана, сакралды лексика, ассоциациялық тәжірибе, репрезентация, этнопсихоллингвистика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-44-59>

Түсті: 13.08.2024; Жөнделді: 23.08.2024; Мақұлданды: 13.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

---

#### Кіріспе

Ата-бабаларымыз бен бүгінгі ұрпақты рухани, мәдени, материалдық жағынан байланыстырып, сабақтастыратын *бесік, садақ, ұршық* секілді этномәдени сакралды бірліктердің қазіргі тілдік санадағы бейнесін психоллингвистикалық тұрғыдан айқындау – мақаланың мақсаты.

Сакралды сөздерге қатысты жастардың тілдік санасындағы ассоциацияларды анықтау, ұлттың әлемдік тілдік бейнесінің сипатын ашу, көп мәдениетті кеңістіктегі тілдік сана көріністерін айқындау, тіл мен ұлттың байланысын көрсету зерттеудің міндеттеріне жатады. Бұл, өз кезегінде, аталған сөздердің тілдік санадағы бейнесін, мән-мағынасын анықтауға, этномәдени таңбадағы астарлы ақпаратты айқындауға мүмкіндік береді; қазақ тіл ғылымындағы психолінгвистиканың зерттеу әдістемесін дамытуға ықпал етеді.

Кез келген лексикалық бірлік сөйлеуде белгілі бір мән-мағынаны, адамның қоршаған дүние заттарына қатысты көзқарас-пікірін, ойын, танымын білдіріп, семантикалық кеңістікті түзеді. Лингвистикаға «тілдің семантикалық кеңістігі» ұғымы когнитивті бағыттың дамуымен байланысты ХХ ғасырдың соңында енді. «Жалпы универсумды киелі (трансцендентті, магиялық) және жай (профандық) лексика деп бөлуге сәйкес, кез келген тілдің лексикасы екі ірі класқа бөлінеді» [1, 3]. Соған сәйкес тілдегі киелі атаулар өз алдына мағыналық кеңістікті түзіп, этноспен тығыз бірлікте қарастырылады.

Сакралды лексика отандық, шетелдік лингвистер тарапынан зерттелді. Еуропа мен посткеңестік ғылымда «сакралды» феноменіне қатысты еңбектер ХХ ғасырда пайда болды. Тілтанымда «сакралды» сөзінің шығу төркіні, сакралды мәнге ие тілдік, сөйлеу бірліктерінің мән-мағынасы, түрлі халықтардың мәдениетінде көріну сипаттары айқындала бастады. Мәселен, G. Nagy үндіеуропа тілдеріндегі отқа қатысты сакралды атаулардың мағынасын сараласа [2], A.V. Clinton құлшылық жасауда, католик ритуалдарында қолданылатын тілдің құдіретті күші зерттелді. Архаикалық сипатына қарамастан, тілдің ғасырлар бойы сақталып, шіркеуде қызмет етуі оның феноменалдығымен түсіндірілді [3]. В. Stross ізденісінде мезоамерикалық үндістер қасиетті деп санайтын сүйек атауы этнографиялық, лингвистикалық, иконографиялық дәйектер негізінде талданып, халықтың болмысы тілі арқылы айқындалды [4].

Орыс тіл білімінде сакралды лексика этнолингвистика, лингвомәдениеттану (Н.И. Коновалова, Т.Н. Бурмистрова, Т.В. Кузьмина, Н. Парфёнова, Г.А. Казаков, О.А. Добычина т.б.), теолингвистика (И.И. Бабенко, И.А. Королева, А.В. Рачинский, А.Е. Федоров т.б.), мәтінтану (И.В. Кирилова, Т.Н. Астафурова, А.В. Олянич, Н.Г. Михновец, Р.А. Иванова т.б.) тұрғыларында, салғастырмалы бағытта (Ә.Ф. Рахимова, А.Ф. Сагитова т.б.) қарастырылды.

Татар тіліндегі сакралды лексика түсіндірме сөздік материалдары негізінде зерделеніп, дінмен тығыз байланысы анықталды (М.Р. Саттарова, т.б.), ежелгі якуттардың тіліндегі сакралды лексика әдет-ғұрпына, мәдениетіне қатысты талданды (А.И. Гоголев, т.б.). Аталған еңбектерде сакралды лексика тілдің танымдық, мұрагерлік қызметін атқаруда, қоршаған әлем туралы білімді, наным-сенімді қалыптастыруда орны айрықша тілдік бірлік ретінде танылды.

Қазақстан тіл білімінде Ә.Т. Қайдар, М.М. Копыленко, Е.Н. Жанпейісов қалыптастырған этнолингвистика, лингвомәдениеттану ғылыми мектептері қазақ ғылымын жаңа белеске шығарып, тіл мен ұлттың ажырамас бірлігін дәлелдеді. Мәселен, киелі сандар (Ш. Мажитаева, А. Абдразақова, Р. Авакова, т.б.), мал шаруашылығымен байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері (С.К. Сәтенова, т.б.), тағам атаулары (А.Ш. Жилкубаева, т.б.), космонимдер (Қ. Аронов, т.б.), адам есімдері (М.Д. Мұсабаева, т.б.), рухани мәдениетке қатысты лексика (С.Е. Жанпейісова, т.б.), қолөнерге қатысты атаулар (Р. Шойбеков, т.б.), үй тұрмысына қажетті жабдық, бұйым атаулары; ыдыс-аяқ, еңбек құралдары, киіз үй құралдары, малға қатысты қолданылатын құрал-жабдық, қару-жарақ, музыкалық аспап, тұрмыстық бұйымдар жасалатын материал т.б. атаулары (Ж. Манкеева, А. Сейілхан, Қ. Қаирбаева, А. Ока, Т.Б. Жаубасова, т.б.). Мифтік танымның тілдегі көрінісі, киелі тілдік бірліктердің түрлі таным сатыларымен байланысы сөз болды (Б.Қ. Ақбердиева, Қ. Ғабитханұлы, Р.М. Ускенбаева, т.б.). Осы зерттеулерде қасиетті сөздерге қатысты ой-пікірлер молынан кездеседі.

А.Е. Керімбаевтың «Қазақ тіліндегі сакралды атаулардың этнолингвистикалық сипаты» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында сакралды лексика арнайы

зерттеу нысанына алынып, *шаңырақ, төр, босаға, ошақ, аруақ, Қамбар ата, бәйтерек, пір, аққу, бесік, айдар, бақсы, сынықшы, асатаяқ, тұмар, үшкіру* секілді т.б. сөздер талданды. Зерттеуші: «Қазақ тілінің сакралды бірліктері қазақ халқының наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары мен ырым-жораларына қатысты мифологиялық сипаттағы әр түрлі ақпараттар мен мәліметтерді қамтиды және бейнелейді», – деген тұжырым жасады [1, 4].

Сөз етілген ғылыми еңбектерде сакралды лексиканың қазіргі тілдік санадағы көріністері зерттеу нысанына алынбады. Тілдік сана дегеніміз – «сана мен тілдің қатысында қоршаған орта тұрғысында қалыптасқан танымның мидағы вербалды бейнесі. ... Белгілі бір этникалық қоғамдық мәдениет өкілінің тілдік санасы сол қоғамға тән мәдениет, этникалық танымдық ерекшеліктері тұрғысынан қалыптасады» [5, 12]. Сондықтан тілдік санадағы сакралды лексика көріністерін зерттеу тұтас бір ұлттың, топтың не жеке тұлғаның әлемді қабылдау бейнесін түсінуге, сонымен қатар когнитивтік сана ерекшелігін айқындауға, тіл, мәдениет, таным байланысын саралауға, жаһандану үрдістерінің тілдік санаға тигізетін ықпалын бағамдауға мүмкіндік береді. Киелі атаулардың жастардың тілдік санасында қандай ұғым-түсінікпен ассоциацияланатынын зерделеу көпшілікке ортақ көрініс, бейнелерді анықтауда, ұлт пен тілдің, тіл мен сананың байланысын саралауда өзекті болмақ.

### Әдіснама

Мақаланың мақсат-міндеттеріне сәйкес, зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде тақырыпқа қатысты теориялық база жинақталып, талданды, зерттеу материалы сараланды және қолданылатын әдіс-тәсілдер анықталды. Келесі кезеңде эксперимент алаңы мен оған қатысушылар таңдалып, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ білім алушыларына (1 топтағы 27 адамға) ассоциациялық тәжірибе өткізілді. Ассоциациялық тәжірибе барысында жазған реакция сөздеріне қатысты информанттарға сауалнама жүргізілді. Сауалнама ашық сұраққа негізделіп, зерттеуге қатысушылардан «*бесік, садақ, ұршық* сөздерін неліктен сол ассоциациялармен бергенін» түсіндіріп, ашып жазу сұралды. Бұл жастардың тілдік санасындағы ақпаратты толығырақ түсінуге, этномәдени тілдік құзыретті анықтауға мүмкіндік берді. Жұмыстың соңғы кезеңінде эксперимент, сауалнама нәтижелері талданып, қорытынды жасалды.

Тілдік сананың сыртқы көріністері стимул сөз бен реакция сөздер арқылы айқындалады. Стимул сөздер – зерттеуші тарапынан экспериментке қатысушыларға ұсынылатын бірліктер, ал реакциялар – информанттардың стимул сөзге қатысты жазған ассоциациялары.

Зерттеуде *бесік, садақ, ұршық* секілді сакралды лексика стимул сөз ретінде алынды. Себебі бұл сөздер денотаттық мағынамен қатар әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың таным-түсінігіне қатысты этномәдени мазмұнды қамтиды және қазіргі тұрмыс-тіршілікте, спорттық жарыстарда қолданылып жүргендіктен, бұл сөздердің мағынасы жастарға түсінікті деп есептедік. Сөз мағынасының түсініктілігі стимул сөздерді таңдауда басты өлшемнің бірі ретінде алынды.

Стимул сөздер респонденттерге белгілі бір реттілікпен ұсынылды. Әуелі, *бесік*, одан кейін *садақ*, ең соңында *ұршық* сөзі берілді. Өйткені *бесік* пен *садаққа* қарағанда, күнделікті өмірде, мәтіндерде *ұршықтың* қолданылу белсенділігі төменірек. «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» (<https://qazcorpus.kz/about/1/>) *бесік* лексемасы 1633, *садақ* сөзі 735, *ұршық* атауы 344 құжатта кездеседі [6]. «Қазақ тілінің жиілік сөздігінде» (Жұбанов А.Қ., т.б., 2016) *бесік* атауының абсолютті жиілігі – 84, мәтінді қамту пайызы – 16,23237; *садақ* сөзінің абсолютті жиілігі – 59, мәтінді қамтуы – 77,8786; *ұршықтың* абсолютті жиілігі – 16, мәтінді қамтуы – 93,305 екені көрсетілген [7].

Еркін ассоциациялық тәжірибе әдісі сакралды лексиканың қазақ этносына тән әлемнің менталды бейнесін анықтау мақсатында қолданылды. Еркін ассоциациялық тәжірибе сауалнамаға қатысушылардың ойына келген бірінші ассоциациясын жазуға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында жинақтау, талдау, жалпылау, индукция, дедукция, топтастыру секілді жалпы ғылыми және семасиологиялық, статистикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Бұлар ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде алынған реакция сөздерді, сауалнама жауаптарын талдауда пайдаланылды.

### Әдебиеттерге шолу

Алғашқы ауқымды ассоциациялық тәжірибені америкалық психолог ғалымдар G.H. Kent, A.J. Rosanoff актив 100 сөзді ала отырып, білім деңгейі мен мамандықтары әр түрлі 1000 адамға жүргізген [8]. Бұл ассоциациялық эксперимент басқа ғалымдардың да зерттеулеріне серпін беріп, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай, әлемдік ғылымда қолданылып, өз нәтижелерін беріп келеді. Мәселен, Н. Pollio өз еңбегінде ассоциациялық эксперимент жүргізген ғалымдардың зерттеулерін талдай келе, стимул сөздер вербалды ассоциациялардың иерархиясын жасайтынын, сонымен қатар әр стимул сөзге қатысты иерархия (өріс) мөлшерінің өзгеріп отыратынын айтады. Қолданылу жиілігі жоғары сөздер үлкен өрістерді тудырады. Сондай-ақ стимул сөздердің басқа нақты сөздермен тіркесу жиілігі және стимулдың коннотациясы ассоциациялық өріс мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Тілде жиі кездесетін сөздердің басқа лексемалармен байланысқа түсу ықтималдығы жоғарылайды, сәйкесінше, олар ассоциациялық реакцияларда көбірек кездесетін болады деген ойымен бөліседі [9].

Ғалым Н. Clark: «ассоциациялар теориясы» тілді түсіну мен тілдің жасалуын түсіндіре алмайды: тілді түзілген ассоциациялардың нәтижесі ретінде қарастыруға болмайды, сөздердің ассоциациялары тілдік құзыреттіліктің көрінісі ретінде анықталу керек», – деп, сыни пікір айтқан ғалымдардың (Хомский, Макнейл, Клифтон) тұжырымдарын келтіреді [10, 272].

Мәскеу психолингвистика мектебінің өкілдері (А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, А.А. Потеня, В.В. Красных, В.А. Пищальникова, Н.В. Уфимцева т.б.) елу жылдай орыс тілін қолданушылардың жалпы тілдік санасын қарастырумен, оны модельдеумен айналысып келеді. Ғалымдардың пікірінше, тілдік санадағы ассоциациялық-вербалды желі тілді қолданушының әлемнің тілдік бейнесінің шынайы үлгісін құрастыруға мүмкіндік береді және әртүрлі мәдениет пен тіл өкілдерінің тілдік санасындағы мазмұнды анықтауға жол ашады. Осы бағытта Н.В. Уфимцева еңбектерінде ассоциациялық сөздіктердің мақсат-міндеттері, олардың түзілу барысы, алынған нәтижелерді бұрын шыққан ассоциациялық сөздікпен салыстырмалы талдау мәселелері жан-жақты зерделенеді. Өркениет пен мәдениеттің, қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастардың түрлі кезеңдерінен өткен сайын тілдік ұжым мүшелерінің стимул сөздерге қатысты берген ассоциациялары өзгеріп, белгілі бір кезеңде негізгі деп танылған ассоциациялар бірнеше жылдан кейін көмескіленіп немесе, керісінше, сипаттарға ие болатыны дәлелденді [11]. Демек, ассоциативті байланыс – белгілі бір дәрежеде тұрақсыздығымен, өзгермелілігімен, уақыт пен кеңістікке, жеке тұлға қабылдауына тәуелділігімен сипатталатын психологиялық әрекет. Көнерген аталымдарға немесе жаңа қолданысқа енген сөздерге қатысты қандай да бір ассоциациялардың туындауы – осыған дәлел.

Ресей ғалымдары «Словарь ассоциативных норм русского языка», «Русский ассоциативный словарь. Ассоциативный тезаурус современного русского языка», «Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский» т.б. түрлі ассоциациялық сөздікті шығарды және «Орыс ассоциациялық сөздігін» <http://www.thesaurus.ru/dict/dict.php> сайтында көпшілікке ұсынды. Стимул сөздердің репрезентацияларын санаулы уақытта табуға мүмкіндік туды.

Өзге елдерде де ақпараттық технология көмегімен ассоциациялық эксперименттерді жасауға арналған қолайлы алаңдар ашылып жатыр. Соның бірі – «Стимулус» ассоциациялық зерттеулерді жүргізуге арналған украиндық психолингвистикалық онлайн-зерттеу платформасы. Жоба авторы О. Zahogodnia мақаласында осы платформа қызметі туралы айтылады. Зерттеуші «Стимулус» авторлық веб-сервисінің функцияларын

сипаттап, сайттың жұмыс істеу қызметін көрсететін эмпирикалық мәліметтерді, 2018-2021 жылдары өткізілген әлеуметтік-саяси лексиканың ассоциациялық өрісін талдады [12].

Французша сөйлейтін украиндық студенттерге еркін ассоциациялық эксперимент жүргізген О. Semenova, N. Khrystych түс атауларының психосемантикасын талдау әдістемесі арқылы фразеологизмдердегі колоративтер әлемнің тілдік бейнесінің жасырын тұстарын көрсете алатын, әлеуметтік-мәдени ақпаратты тасымалдайтын символ сөз екенін анықтады. Түс жеке адамның психоэмоционалды күйін білдіретін нақты психикалық символ ретінде сипатталып, тілдік санада ахромдық (ақ, қара), полихромдық (көк) түстердің көбірек кездесетіні, қызғылт, ақ, көк, жасыл оң коннотацияны, қызыл, қара, көк, жасыл, ақ, сары, қызғылт теріс коннотацияны көрсеткені анықталды [13].

Қазақстанда Н.В. Дмитриук жетекшілігімен 1978, 1998 жылдары «Қазақ-орыс ассоциациялық сөздіктері» жарияланды. Кейін 2014 жылы Ресей Ғылым академиясы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен жарық көрген «Қазақша ассоциациялық сөздік» қазақ тілтанымна теориялық, практикалық жағынан зор үлес қосты. Өйткені осы ауқымдағы зерттеулер қазақ тілін қолданушылар арасында бұрын-соңды жүргізілмеді. Тәжірибе қазіргі Түркістан облысындағы ЖОО студенттеріне жүргізіліп, индивидтің және тұтас әлеуметтің тілдік санасындағы ер мен әйелге тән ерекшеліктері анықталды [14].

N. Dmitryuk, G. Abramova 1978, 2014 ж. шыққан сөздік материалдарын диахрондық және этносаралық компоративтік талдау нәтижесінде кеңестік және қазіргі кезеңдегі қазақ этносының этномәдени ерекшеліктерін сипаттап, діни сенім, бостандық, егемендік, мемлекеттік рәміздер секілді қазақ халқының басты құндылықтары елеулі өзгеріске ұшырағаны, ал ұлттық менталитеттің сипатын құрайтын Отанға, анаға, үлкен кісілерге, ерлерге, жыныс пен жасқа деген көзқарас отбасылық қатынастың ерекшеліктері ретінде өзгеріссіз қалғанын айтады [15].

Қазақ тіл білімінде тілдік сана құрылымы когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулерде анықталды (Қ. Жаманбаева), сондай-ақ түр-түс атаулары (Н. Аитова), «қазақ әйелі» концептісі аясына енетін сөздер (А.М. Байғұтова) ассоциациялық өріс арқылы сипатталды. Психолінгвистикалық ізденістерде қазақ ұлтының экономикалық санасының қазіргі ахуалы және ұлттық экономикалық мәдениетті көтерудегі мемлекеттік тілдің әлеуеті экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясын талдау барысында ашылды (А.Б. Пиязбаева, А.М. Фазылжанова).

ҚР ҒЖБМ тарапынан қаржыландырылған ғылыми жобалар шеңберінде қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың менталды лексиконда шоғырлану үдерістерін ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттеп, «Тіл синергетикасы және лексикалық жаңалықтар», «Қазақ тіліндегі лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік тезаурусы» атты еңбектерді ғылыми ортаға ұсынған К.С. Алдашеваның [16] және лингводидактикада орта мектепте оқушылардың тілдік санасында көріктеуіш құралдардың орнығу деңгейін талдауда ассоциативті эксперимент нәтижелеріне сүйенген Г. Мұхамеджанованың [17] т.б. еңбектері эмпирикалық зерттеулердің қатарын толықтыра түсті.

«Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау» еңбегінде: «...тілдік субъектінің (жеке адам, әлеуметтік жіктер, халық, ұлт) санасында екі бірдей семантикалық код – тілдік және мәдени-семантикалық код бір-бірімен астасып, байланысып жатса, тілдік тұлғаның мәдени-тілдік құзыреті әлдеқайда жоғары болмақ. Бірақ, бір өкініштісі, қазіргі кезде субъектінің тілдік санасындағы мәдени семантика көмескілене бастады. Бұл жерде тілдік семантика дегеніміз, ашып айтсақ, тілдік бірліктердің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келетін тілдік ақпараттар жүйесі болып табылады. Ал мәдени семантика халықтың, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесін құрайды», – деп [18, 3], бүгінгі субъект санасында тілдік таңбадағы ұлттық мәдени кодтың ашылмай, түсініксіз күйінде қалатынын, сол тұстардың орнын толықтыру мақсатында сөздіктің оқырманға ұсынылғанын атап өтеді. Бұл пікірлерден этномәдени санадағы тілдік көріністерді зерттеудің қажеттігі күннен-күнге артып келеді деген түйін жасаймыз. Осы ізденістерде психолінгвистикадағы ассоциациялық тәжірибе

әдісі тілдік тұлғаның этномәдени тілдік құзыретін сипаттауға көмектеседі. Себебі тілдік сана репрезентациясын айқындау арқылы ұжымдық санадағы бейнелердің ерекшеліктері ашылады, белгілі бір ұлттың тіліне тән идиоэтникалық ассоциациялық жүйесі түзіледі.

### Нәтижелер және талқылау

Зерттеу Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті «аударма ісі», «шетел филологиясы», «шет тілі: 2 шет тілі» мамандықтарының қазақ тобында оқитын 18-19 жастағы 2-курс студенттеріне жүргізілді. Барлығы 27 респондент қатысты. Сауалнаманың төлқұжаттық бөліміндегі параметрлер төмендегідей: Ұлты – қазақ. Ана тілі – қазақ тілі. Білімі – аяқталмаған жоғары. 26 білім алушы қазақ мектебін, 1 респондент ағылшын тілді мектепті бітірген. Сауалнамаға қатысушылар – еліміздің әр түкпірінен келген білім алушы жастар.

Стимул сөз ретінде ұсынылған *бесік* ([www.sozdikqor.kz](http://www.sozdikqor.kz)) сөздіктерде: «Жас нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек», – деп сипатталады [19]. «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» ([www.qazqorpus.kz](http://www.qazqorpus.kz)): «1. Қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, тәрбие құралы, нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек. 2. ауыс. Өскен орта, мекен, атақоныс. 3. бейн. Бір нәрсенің ордасы, қайнар көзі. 4. ауыс. Бір нәрсенің тұңғыш шыққан жері», – деген тура және ауыспалы мағыналары берілген [6; 6].

Қазіргі таңда кейбір отбасы бесікті күнделікті тұрмысында пайдаланбаса да, бесікті, бесікке салу рәсімін көпшілігі көріп, естіп, біліп жүр. Сондықтан *бесікке* қатысты ассоциацияларды жазуда респонденттер тарапынан қиындықтардың туындамайтыны алдын-ала болжанған болатын. Нәтижесінде осы сакралды бірліктің семантикалық құрылымымен байланысты 18 реакция алынды. Олар: *ана* – 4; *бала* – 4; *сәби* – 3; *бөпе* – 2; *бесік жыры* – 1; *әже* – 1; *Отан* – 1; *бала/сіңлім* – 1; *нәресте* – 1; *әлди* – 1; *ағаш* – 1; «*Балапан*» *телеарнасы* – 1; *інім* – 1; *үй* – 1; *Зейнеп/сіңлім* – 1; *ағаш төсек* – 1; *шкаф* – 1; *Он үш жасымда інімді бесікте тербеткенім есіме түсті* – 1. Менталды лексиконды айқындайтын тілдік бірліктердің барлығы – жалпыхалықтық тілде белсенді қолданылатын атаулар. *Ана*, *бала* сөздері – ассоциациялық өрістің орталығында орналасқан бірліктер.

Алынған нәтиже бойынша ассоциацияларды лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай 3-ке топтауға болады:

- 1) бір сөзді *дара* реакция: *сәби*, *ана*, *бала*, *бөпе*, *інім* т.б.;
- 2) екі сөзді *күрделі* реакция: *Зейнеп/сіңлім*, «*Балапан*» *телеарнасы* т.б.
- 3) сөйлем реакция: *Он үш жасымда інімді бесікте тербеткенім есіме түсті*.

Бір лексемадан тұратын *дара* реакциялардың көбі – атау тұлғалы зат есімдер: *сәби*, *ана*, *бала*, *бөпе*, *інім*, *үй*, *Отан*, *әже*, *ағаш*, *нәресте*, *әлди*, *шкаф* (12 сөз). *Бесік* сөзі, негізінен, жалпы ұғымды білдіретін атаулармен репрезентацияланған. Жалқы есімдерге – *Отан*, адам есімі – *Зейнеп*, телеарна атауы – «*Балапан*» жатады. Бұдан шығатын түйін – адамның тілдік санасындағы көріністердің жалпы мағынаға ие бірыңғай заттар мен құбылыстарға қатысты ұғым-түсініктермен сақталатыны.

Респондент жауаптарында 2 лексемадан тұратын күрделі ассоциациялар қатарында *бесік жыры*, «*Балапан*» *телеарнасы* деген сөз тіркестерінен және нақтылаушы-қосалқы компоненттен тұратын *Зейнеп/сіңлім*, *бала/сіңлім* секілді тілдік көріністер кездесті. Соңғы екі реакцияда да *бесік* туыс, бауыр ұғымымен, яғни *сіңлі* сөзімен ассоциацияланған. Тағы бір сипат – туыстықты білдіретін *іні*, *сіңлі* (+м) сөздерінің иелік қатынасқа негізделіп, ассоциацияның поссессивтілік мағынада берілуі. Бұдан қоршаған дүние заттары арасындағы байланыстардың тілдік санада белгілі бір грамматикалық формалармен бейнеленетіні анықталды және өзіне тікелей қатысы бар, жақын адамды меншіктік ұғыммен репрезентациялағаны ерекше назар аудартты. *Інім* реакциясы бойынша респондент: «*Менің туған ағамның тұңғыш баласы Әбубәкір. Ол дүниеге келген кезде менің әкем үйге жаңа бесік сатып әкеліп, анам тұңғыш немересін бесікке бөлеген еді. Қазақ гүрпында бесікке бөлеген балаға «тыштыма» атты салт-дәстүрін жасайды...»*, – деп тарқатып жазған (сауалнамаға қатысушылардың тілі мен стилі сақталды).

Жоғарыда берілгендей, *бесік* дефинициясындағы *ағаш төсек, нәресте*, ауыспалы мағынаны бейнелейтін *атақоныс, өскен орта* сөзіне синоним болатын *Отан, үй* сөздері ассоциациялық-вербалды өрісте орын алды. Алынған реакцияларда *бесік* жанды ұғымды білдіретін 11 (*ана, бала, сәби, бөпе, әже, бала, Зейнеп, сіңлім, нәресте, әлди, інім*), жансыз ұғымды білдіретін 7 (*бесік жыры, Отан, ағаш, «Балапан» телеарнасы, үй, ағаш төсек, шкаф*) атаумен берілген және көпшілігі – деректі зат атаулары.

Нәтиже бойынша, бұйымды әр қырынан ашатын ассоциаттарды тақырыптық-мағыналық жағынан төмендегіше топтастыруға болады:

- *бесіктің кімге арналғаны: сәби, бала, бөпе, бала/сіңлім, нәресте, әлди, інім, Зейнеп/сіңлім (14);*

- *туған шеше, бала тәрбиесімен айналысатын адам: ана, әже (5);*

- *туып-өскен жер: Отан, үй (2).*

- *бесіктің жасалған материалы: ағаш (1);*

- *жиһаз түрі: ағаш төсек; шкаф (2);*

- *баланы жұбатқанда, бесікті тербеткенде айтылатын жыр: бесік жыры (1);*

- *ақпаратты тарату құралы: «Балапан» телеарнасы (1);*

- *еске түсіру, ойлау әрекеті: Он үш жасымда інімді бесікте тербеткенім есіме түсті (1).*

Бұл репрезентациялар қазақ жастарының тілдік санасында *бесік* атауына қатысты ұлттық таным-түсінікпен байланысты нақты көріністер мен тұрақты бейнелердің қалыптасқанын айғақтайды. Осылардың ішінде *бесіктің кімге арналғанын*, яғни *бесік* иесін білдіретін реакциялардың көптігін атап өту керек (14). Бұл тілдік санада «*бесік пен баланың*» ажырамас бірлікте тұтасқан көрініс ретінде бекіп қалғанынан хабар береді. Ж. Түймебаев, М. Ескеева зерттеуіне сүйенсек, көне түркі дәуірінде *бесік* «ұрпақ» мағынасында қолданылған: «Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы, бесігіне дейін зардап шегеді» [20, 89]. Сонда *бесіктің* қазақтың менталды лексиконында тұрақты орнығып, көне дәуірден келе жатқан «*бесік=ұрпақ*» деген ұлттық кодтың күні бүгінге дейін сақталып қалғанын көрсетеді. Өйткені реакция сөздердің басым бөлігі «ұрпақ – тұқым, өмірдің жалғасы, болашағы» (<https://sozdikqor.kz/>) семантикасымен тығыз байланысы бар репрезентациялар (*сәби, бала, бөпе, бала, сіңлім, нәресте, әлди, інім*) екені анықталып отыр.

*Ана, әже* қазақ қоғамында отбасындағы бала тәрбиесімен айналысатын – елге сыйлы жандар. Олар қазақты танымда *бесікке* салу, *бесікке* бөлеу дәстүрінде де негізгі қызметті атқаратын, үнемі *бесік* жанынан табылып, *бесік* жырын айтатын бейнеде қалыптасқан. Жастардың жазған ассоциациялары тілдік санада ұлттық таныммен байланысты «*бесік – бала – ана/әже*» үштігінің тұрақты орныққанын дәлелдеді. Мысалға *ана* ассоциатына респондент жауаптарын келтірейік:

- ... Қазақта әйел адам бір қолымен *бесік* тербетсе, екінші қолымен әлем тербетеді деген сөз бар. Бейнелеу өнерінде *ана мен бесік* – көп кездесетін картиналардың бірі.

- ... менің *сіңлім* тек қана *бесікте* ұйықтайтын, ал *анам* күндіз де, түнде де *бесік* тербетіп, *бесік* жырын айтып отыратын. Мен сол уақытта *кішкене* кезімде *бесікті* тек қана *аналар* тербетеді деп ойлайтынмын. Сол себепті ме, білмеймін, *бесік* сөзін естігенде, *анамды* елестеттім.

Тәжірибеге қатысушылардың реакцияларында *бесік жыры* атауының болуы халық педагогикасының кәусар бұлағына айналған осы фольклорлық жырдың маңызын түйсінгендерінен хабар береді.

Респонденттердің тілдік санасында *бесік* ауыспалы мағынада «*Отанмен*», «*үймен*» ассоциацияланады. Бұл тұста да *бесік* қасиетті ұғымдармен парапар бейнеленіп, «халық үшін Отаннан, бала үшін туған үйден артық ештеңе жоқ» екені репрезентацияланған. Оған сауалнамаға қатысушылардың жауаптары дәлел бола алады:

- Өз туған жерің ылғи басқа жерден ыстық боп, өз елің басқа жұрттан мейірімдірек боп сезіледі. Сондықтан да Отанынан алыста жүрген жандар үшін Отан-Ана өз баласын ылғи әлдилеп отырғандай көрінеді. Оған қоса «алтын *бесік*» деп те өз Отанымыз туралы айтатынымыз бар. Бұл дегенің халқымыздағы туған жерді комфортпен, яғни *бесіктің* ішімен байланыстыруға байланысты.

– *Менің бесік сөзін естіген кезде, есіме түскен жалғыз зат – ол менің он жеті жыл тұрған үйім. Мен – үйдің тұңғышымын, мен туған кезде мені бірден бесікке ораған. Ал ол бесікті ата-анама менің атамның көзі тірі кезінде сыйлаған. Ал менен кейін бесікке менің үш бауырым жатты. Сол себепті ол сөзді есіме аламын. Информанттар Отанды анамен және бесікпен, бесікті туған үйімен ассоциациялау арқылы олардың арасындағы символдық мағыналық байланыстардың мида анық бейнеленгенін көрсетті.*

«Қазақ тілінің ұлттық корпусында» ([www.qazqorpus.kz](http://www.qazqorpus.kz)) *садақ* сөзіне қатысты мынадай ақпарат бар: «1. Тобылғы, үйеңкі т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасаған жебе атуға арналған қол қаруы. 2. Кәрі жіліктің жанында жабысып тұратын жіңішке, тіс шұқитын зат». Осы түсіндірме мен жастардың тілдік санасындағы көріністерді салыстырып көрейік [6].

Ассоциациялық тәжірибе арқылы *садақ* стимулына қатысты 16 реакция алынды. Олар: *жебе – 9; аңшы – 2; батыр – 2; ағаш – 2; эльф – 1; ойын – 1; «Храброе сердце»/«Батыл жүрек» мультфильмі – 1; Орал қаласы – 1; батылдық – 1; соседтерімнің балалары – 1; мультфильм – 1; қару-жарақ – 1; Мерида – 1; жауынгер – 1; соғыс – 1; тарих сабағы – 1.*

Эксперимент нәтижесінен тілдік санада *садақ* түсіндірмесінде берілген *ағаш, жебе, қару* сөздеріне қатысты бейнелердің кездесетіні анықталды. Ассоциациялық өріс орталығында *жебе* сөзі орналасқан. Себебі «*жебе – садақ оғы*», *садақты жебесіз елестету мүмкін емес, екеуі – бүтінді құрайтын ажырамас бөлшектер. Сауалнамаға қатысқандар садақ – жебе байланысын былайша тарқатып жазады:*

– *Садақ негізі бұрынғы заманда батырларымыздың қару-жарағы ретінде қолданылған. Әйел кісі де, ер кісі де аң аулауға шыққанда ең мықты садақ-жебелерін бірге алып шығатын.*

– *Ауылда, сабақ біткен бетте, достарымыз бірден тоғандағы ағаштардың бұтақтарын шабатын едік. Сол бұтақтарды тазалап, оған жіп тартып, біршама кішірек бұталардан жебе жасап, басын өткірлеп, бір бірімізді қуалап жүріп, күн ұясына қонғанға дейін ойнымызды қандыратын едік.*

Көріп отырғанымыздай, сауалнама жауаптары мен тәжірибеден алынған реакциялар (*садақ-жебе, жебе – жебе (9), аң аулау – аңшы (2), батыр – батыр (2); ағаштардың бұтақтары – ағаш (2); қару-жарақ – қару-жарақ (1); ойын – ойын (1); достарымыз – соседтерімнің балалары (1)*) арасында логика-семантикалық байланыстың, бейнелердегі сәйкестіктің бары байқалды. Бұл ұжымдық санаға ортақ болып келетін көрініс, бейнелердің кездесетінін дәлелдей түсті.

*Садақ* стимулымен байланысты реакциялар лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай 2-ге топтастырылды:

1) бір сөзді *дара* реакция: *жебе, ағаш, аңшы, батыр* т.б.

2) екі, одан да көп сөзді *күрделі* реакция: *қару-жарақ, тарих сабағы* т.б.

Осы ассоциациялық өрісте бір лексемадан тұратын *дара 11 сөз (жебе, ағаш, аңшы, батыр, эльф, ойын, батылдық, мультфильм, Мерида, жауынгер, соғыс)*, 5 күрделі ассоциат («*Храброе сердце*»/«*Батыл жүрек*» мультфильмі, *Орал қаласы, соседтерімнің балалары, қару-жарақ, тарих сабағы*) анықталды. Күрделі атаулар сөздердің тіркесімі және қосарлануы арқылы жасалған. Күрделі ұғымдар әлемнің түрлі бөлшектерін біртұтас етіп, жинақтап беруде маңызды қызмет атқарады.

*Садақ* стимулы респонденттердің тілдік санасында, негізінен, 13 жалпы мағынаны білдіретін атау тұлғалы заттық ұғыммен байланысқан (*эльф, ойын, батылдық, т.б.*). Ал жалқы есімдерге топоним – *Орал*, орыс-қазақ тіліндегі аудармасымен берілген мультфильм атауы – «*Храброе сердце*»/«*Батыл жүрек*», осы мультфильмнің бас қаһарманы – *Мерида* секілді сөздер жатады. Алынған реакциялардан *садақтың* көбіне жансыз ұғымды білдіретін атаулармен репрезентацияланғаны анықталды: *жебе, ағаш, ойын, «Храброе сердце»/«Батыл жүрек» мультфильмі, Орал қаласы, батылдық, мультфильм, қару-жарақ, соғыс, тарих сабағы* (10 реакция). Ал жанды ұғымды білдіретін 6 реакция (*аңшы, батыр, эльф, Мерида, жауынгер, соседтерімнің балалары*) бар, олардың екеуі – ертегі кейіпкері. Алынған реакциялардың көп бөлігі деректі ұғымдармен байланысты (*жебе, аңшы, батыр, ағаш, т.б.*)



Талдау барысында *садақ* стимулын әр қырынан ашатын ассоциаттар тақырыптық-мағыналық жағынан айқындалды, соның ішінде:

- 1) садақ оғы: *жебе* (9);
- 2) кімге арналғаны, кімнің қолданатыны: *аңшы, батыр, эльф, Мерида, жауынгер, соседтерімнің балалары* (8);
- 3) қандай мақсатта қолданылатыны: *қару-жарақ, соғыс, ойын* (3);
- 4) ақпараттың қабылдану көзі: «*Храброе сердце*»/«*Батыл жүрек*» мультфильмі; мультфильм (2);
- 5) жасалған материалы: *ағаш* (2);
- 6) адам бойындағы қасиетпен байланысы: *батылдық* (1);
- 7) елді мекен атауы: *Орал қаласы* (1);
- 8) пән атауы: *тарих сабағы* (1).

Тақырыптық-мағыналық топтардың ішінде *садақтың* кімге арналғанын, кімнің қолданатынын білдіретін реакциялар басқаларына қарағанда ерекшеленеді. Информанттар санасында садақты қолданатындар *аңшы, батыр, эльф, Мерида, жауынгер, соседтерімнің балалары* (8) секілді түрлі бейнемен репрезентацияланған.

Алынған реакцияларда *эльф, мультфильм, Мерида, «Храброе сердце», сосед* секілді орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме бірліктер кездеседі. Ассоциациялық өрісте кірме атаулардың болуын бірнеше себептермен байланыстырамыз: біріншіден, интернет желісі, ақпараттық технология арқылы көптеген дереккөздерге қолжетімділіктің артуымен; екіншіден, еліміздегі тілдік жағдаятпен; үшіншіден, тұлғаның ақпаратты қабылдау тілімен тығыз байланысты; төртіншіден, *садақ* – мезолит дәуірінен бастап дүниежүзі халықтары аң аулауға, кейін соғыс қаруы ретінде қолданған бәріне ортақ құрал, қару атауы болғандықтан (<https://sozdikqor.kz/>), ассоциациялар қазақ мәдениеті ауқымынан шықты деп есептейміз [19].

Қазақы танымда кездеспейтін *эльф* (<https://sozdikqor.kz/>) «ежелгі германдық мифтерде табиғат рухы, адам бейнесіндегі жеңіл ертегілік жан» деген мағынаны білдіреді [19]. Қазіргі әлемдік кино, кітап өндірісінде эльфтер туралы танымал туындылар баршылық. Сол кино, мультфильмдерде, кітаптарда бейнеленетін эльфтер садақ асынып жүретіндіктен, респонденттің тілдік санасында садаққа қатысты *эльф* бейнесі сомдалған: «*Мен бала кезімнен фантастика, қияли дүниелерге қызығушылық танытатынымын. Солай, өзіме жапон комикс жинағын ашқан болатынымын. Бұл кітаптарда әрдайым бойлары ұзын, ай десе аузы, күн десе көзі бар, үшкір құлақты кербез, сұлу эльф атты тіршілік иелерін бейнелейтін және олардың басты қаруы – садақ еді*». Осы респондент танымындағы *эльф* сөздікте берілгендей, германдық мифпен емес, жапондық комикстегі *эльфпен* байланысты екен. Бұл – адам қабылдауының, таным-түсінігінің даралық сипатына, жеке тұлғаның аялық біліміне, тілдік сананы қалыптастыратын әлеуметтік факторлардың сан түрлі екеніне мысал бола алады.

Көп жағдайда, әлемдік кино, мультфильм орыс тіліне аударылып, көрсетілетіні белгілі. Сондықтан мультфильмнің қазақ тіліндегі нұсқасы бола тұра, қостілді «*Храброе сердце*»/«*Батыл жүрек*» мультфильмі репрезентациясының кездесуі, аталмыш туындының орыс тілінде кең таралуымен байланысты деп топшылаймыз. Бұл – адам санасының әлемді қай тілде қабылдауына қарай көріністер мен бейнелердің тілдік санада сол тілде, оқиға өрбіген тарихи-мәдени орта сипатында, ондағы кейіпкерлермен байланысты сақталып қалатынын көрсетеді. Тағы бір дәйек – *Мерида* ассоциациясы. *Мерида* – осы сиқырлы ертегідегі қолынан садағы түспейтін патшаның мерген қызы.

Ұршық лексемасына келер болсақ, «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» (<https://qazcorpus.kz/about/1/>): «1. Шүйкеленген жүннен жіп иіруге арналған аспап. 2. ауыс. Тоқтаусыз уақыт. 3. Жан-жануарлардың асықты жілігі мен орган жілігінің түйіскен жеріндегі қозғалмалы сүйек», – деген түсіндірмелері берілген [6].

Зерттеуде *ұршық* сөзіне қатысты алынған реакция саны – 14. Оның ішінде: *әже* – 7; *жіп* – 5; *киіз үй* – 2; *жүн* – 2; «*Әліппе*» – 2; *кілемде отырған әже* – 1; *киіз* – 1; *ағаштан жасалған бұйым* – 1; «*Балапан*» *телеарнасы* – 1; *тоқу* – 1; *мақта* – 1; *тоқыма* – 1; *буын ойысы* – 1; *Мен ешқандай зат елестете алмадым* – 1.

Алынған 14 ассоциацияның 1-еуі іс-қимылды білдірсе (*тоқу*), қалған 12-сі – деректі заттық мәнге ие ұғымдармен (*әже, жіп, киіз үй, жүн, «Әліппе», киіз, «Балапан» телеарнасы, мақта, тоқыма, буын ойысы*) және зат есімдерді анықтайтын есімше тұлғалы анықтауышпен, яғни заттың белгісін білдіретін көріністермен (*кілемде отырған әже, ағаштан жасалған бұйым*) байланысты бейнеленген. Осылардың ішінде 10 ассоциация (*жіп, киіз үй, жүн, «Әліппе», киіз, «Балапан» телеарнасы, мақта, тоқыма, буын ойысы, ағаштан жасалған бұйым*) ұршықтың негізінен жансыз, деректі нәрселермен қатынасын көрсетті.

Ұршық стимулымен байланысты реакциялар лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай 3-ке топтастырылды:

- 1) бір сөзді дара реакция: *әже, жіп, жүн, т.б.*
- 2) екі, одан да көп сөзді күрделі реакция: *киіз үй, кілемде отырған әже, т.б.*
- 3) сөйлем реакция: *Мен ешқандай зат елестете алмадым.*

Әже тілдік көрінісі – «Ұршық» ассоциациялық өрісінің орталығы. Себебі қазақ жастарының санасында ұршық, негізінен, *әжемен (7)* ассоциацияланған. Ол үлкен шешелеріміздің ұршық иіріп отыратын күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі іс-әрекетіне қатысты көрініс-бейнемен және кітап, ғаламторда т.б. нысандарда қолында ұршығы бар әжелер суретінің көбірек кездесуімен байланысты деп есептейміз. Оған мысал ретінде ұршық стимулын *әже* бейнесінде қабылдаған сауалнама жауаптарын келтіруге болады:

– *Әжем қазір ұршық иірмейді, себебі көзі ауырады. Бірақ бұрын әжем екеуміз отырып сол ұршықты иіру үшін қаншама ай дайындалатын едік. Алдымен, жаз болмай жатып, бір отар қойдың жүні қырқылады, кейін ол қылқаннан және жүнге жабысқан тезектен тазартылады. Ол бір жуганда таза боп шықса жақсы ғой! Біз оны 5-6 рет жуатынбыз. Сосын, әжем ол жүнді бөліп қоятын. Кейін гана ұршығын алып иіріп бастайтын.*

– *Әрине, ұршық деген сөзді естісем, үлкен әжем есіме түседі. Себебі, әрдайым әжемнің ауылына барған кезде ол кісі жүн тоқитын. Мен әрдайым қасына отырып, қызығып қарайтынмын. Сол кезде әжем ұршығын алып, маған да үйрететін. Үйрете отырып өз өмірі туралы түрлі қызықты оқиғаларды айтатын. Сол сәттерді қатты сағындым.*

Сауалнамаға қатысушылар ұршық сөзін *әжемен* репрезентациялай отырып, әжелерін ерекше ілтипатпен еске алады, әжесіне деген сағыныштарын білдіреді. Демек, жастардың әлемнің ұлттық тілдік бейнесінде «ұршық – әже» логика-семантикалық қатынасы орнаған.

Алынған реакциялардағы 2 жалқы есім информанттардың ұршықты қандай дереккөздерден танып-білгеніне («*Әліппе*», «*Балапан*» телеарнасы) нұсқайды. Сауалнамаға қатысушылар ол туралы былай дейді:

– *Өміріміздегі алғашқы және маңызды кітаптардың бірі – әліппе және ондағы барлық суреттер есімде. Анық қалған солардың бірі – «Ұ» әрпіндегі ұршықтың суреті. Есіме бірден әліппе түсті.*

– *Кішкентай кезімде балапан телеарнасын қарағанды қатты ұнататынмын. Бір күні қызық бағдарламаны көзім шалып, ұршық деген сөзді естіп қалғаным әлі есімде. Бала болғандықтан оның не екенін білу маған өте қызық болған еді. Бағдарламаны соңына дейін тамашалап, сол кезде алғаш рет ұршықтың не екенін білгенмін.*

Жоғарыдағы жауаптардан, респонденттердің белгілі бір тобының ұршықты, оның не үшін қолданылатынын жақсы білетіндерін көрсек, кейбіреулерінің ол затпен теледидар, кітап арқылы таныс екенін аңғарамыз. Оны қазіргі таңда ұршықтың тұрмыста көп пайдаланылмауымен түсіндіруге болады. Көріп-білмеген, өмірде тұтынбаған дүниеге қатысты санада заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың бейнеленбеуі заңды. Бұл – таным әрекетінің қызметімен байланысты болатын үрдіс.

Талдау барысында ұршық стимулына берілген ассоциаттар тақырыптық-мағыналық жағынан айқындалды, соның ішінде:

- 1) кімнің қолданатыны: *әже (7), кілемде отырған әже (1);*
- 2) шикізат, өнім түрлері: *жіп (5), жүн (2), мақта (1), тоқыма (1), киіз (1);*
- 3) баспана: *киіз үй (2);*
- 4) жасалған материалы: *ағаштан жасалған бұйым (1);*

- 5) ақпаратты тарату құралы: «Әліппе» (2), «Балапан» телеарнасы (1);
- 6) іс-әрекет атауы: *тоқу* (1);
- 7) сүйектердің байланысатын жері: *буын ойысы* (1);
- 8) ойлау нәтижесі: *Мен ешқандай зат елестете алмадым* (1).

Жастардың тілдік санасындағы 12 көрініс, 1 қимыл-әрекет ұршықтың құрал мағынасымен байланысса, 1 реакция сүйек құрылысы атауына қатысты берілді (*буын ойысы*). Ал 1 респондент танымында ұршық туралы түсінік жоқ (*Мен ешқандай зат елестете алмадым*). Бұл нәтиже тілдік санада сүйек ұғымынан гөрі ұршықтың жіп иіруге арналған құрал мағынасы орныққанын көрсетті. Ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде алынған бұл тілдік көріністер сана мазмұнын сыртқа шығаратын негізгі құралдар болып табылады. Тілдік көріністер – сананың қоршаған дүние заттарын, құбылыстарды т.б. танып-білуінің, түйсінудің жемісі.

### Қорытынды

Қазір этнопсихолінгвистикадағы тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің репрезентациясы мәселелері антропоэлектік парадигманың басымдыққа ие болуымен байланысты тереңірек зерттеле бастады. Ұсынылған мақала осы бағыттағы ізденіске арналып, қазақ таным-түсінігінде киелі мәнге ие *бесік, садақ, ұршық* сөздерінің қазақ жастарының менталды әлеміндегі тілдік бейнесін қарастырды. Зерттеу нәтижесінде қазақ жастарының тілдік санасында *бесіктің* – *ана және баламен; садақтың* – *жебемен; ұршықтың* – *жіптен* репрезентацияланатыны анықталды. Бұлар – ассоциациялық өрістің орталығындағы, менталды лексиконның ядросындағы ұғым-түсініктер. Жалпы эксперимент барысында 3 стимул сөзге 48 реакция алынды (*бесік* стимулына 18; *садақ* стимулына 16; *ұршық* стимулына 14).

Ассоциациялық эксперимент нәтижелері, сауалнама арқылы алынған жазбаша жауаптар шынайылығымен ерекшеленеді. Себебі алынған реакциялар, олардың интерпретациясы тіл қолданушының қоршаған дүние заттарын қабылдауы нәтижесінде әлемнің тілдік бейнесінде тұрақтанған суреттермен байланысты түрліше вербалданды. Ассоциация – қоршаған дүние заттары мен құбылыстар, эмоция, іс-әрекет, жағдаятқа қатысты субъектінің санасында қалыптасатын бейне, көрініс; сыртқы әлем мен адамның таным-түйсігі, қабылдауының арасында орнайтын индивидуалдық, ұжымдық сипатты иеленетін логикалық байланыс деп анықтаймыз.

*Бесік, ұршық* сөздеріне алынған реакциялар лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай 3-ке: 1) бір сөзді *дара* реакция; 2) екі, одан да көп сөзді *күрделі* реакция; 3) сөйлем реакция; *садақ* стимулына қатысты 2-ге: 1) бір сөзді *дара* реакция; 2) екі, одан да көп сөзді *күрделі* реакция деп топтастырылды. Осылардың ішінен 3 ассоциациялық өрісте де ең көп кездескені – бір сөзді *дара* реакциялар. 2 жауап қана сөйлеммен берілді.

Тәжірибе нәтижесінде алынған тілдік көріністер санада әлем бейнесінің жалпылық мәнге ие бірліктермен сақталатынын көрсетті. Мәселен, 3 стимул сөзге берілген 48 реакцияның ішінде барлығы 7 жалқы есім кездесті. Эксперимент нәтижесінде ассоциациялардың негізінен, *дара* ұғымдармен байланысы ашылды. *Бесікке* берілген ассоциаттарда жанды ұғымдар басымдық танытса, ал *садақ* пен *ұршықтың* тілдік көріністерінен жансыз заттармен байланысы анықталды. Ассоциацияларда іс-әрекетке қатысты 1 реакция ғана (*ұршық – тоқу*) берілді, ал сын-сапа, сандық ұғым, эмоция, т.с.с. кездеспеді. Демек, тілдік санада *бесік, садақ, ұршық* лексемаларының атау тұлғада, заттық ұғымды білдіретін, негізінен жалпы, деректі көрініс-бейнелермен сақталғанын айғақтады. Ассоциациялық-вербалды өрісте зат есімнің басымдығы стимул сөздердің лексика-грамматикалық ерекшелігімен, яғни жекеше түрдегі атау тұлғалы жалпы, деректі, зат есімдердің ұсынылуымен байланысты деп есептейміз.

*Бесік, садақ, ұршық* сөздеріне берілген вербалды-ассоциациялық реакциялардан тілдік сана көріністерінің сөздіктерде стимул сөздерге берілген дефиницияларымен сәйкес келетінін көрсетті. 1 информанттан басқалары *бесік, садақ, ұршық* сөздерінің мағынасын

жақсы түсінетінін, соған сәйкес саналарында нақты көрініс-бейнелердің сақталғанын айғақтады. Қатысушылардың сауалнама жауаптарындағы ой-пікірлерде *бесік, садақ, ұршықпен* байланысты анаға, бауырға деген ерекше ықыласы, әжені, ауылды сағынышпен еске алу, бабалық шақты аңсау секілді жағымды эмоциялық реңк басым болды. Демек, стимул сөз ретінде ұсынылған сакралды бірліктердің жастардың ұлттық санасында орныққанын, *бесік, садақ, ұршық* сөздерінің, олармен байланысты ассоциациялардың ұзақ жылдар бойы сақталатынын дәйектей түсті.

Алынған нәтижелер *бесік, ұршық* атауларының әлемнің тілдік бейнесінде ұлттық мәдениетпен, таным-түсінікпен тығыз байланысты екенін айғақтады. Ұлттық санада ұлттың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бейнелердің сақталуын ұлт тілінің өміршеңдігінің көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Ал *садақ* сөзіне байланысты жастардың тілдік санасында бөгде мәдениеттің іздері байқалды, өйткені балалық шақта көрген мультфильм (*мультфильм, «Храброе сердце»/«Батыл жүрек» мультфильмі*), ертегілердегі кейіпкерлер (*эльф, Мерида*) ассоциациялық өрісте анықталды. *Садақ* стимулына берілген реакцияларда кірме атаулардың кездесуі респонденттердің тілдік санасында әлем бейнесінің бірнеше тілде сақтала алатынын дәлелдеді. Бұл қоршаған дүниенің ана тілден басқа өзге тілдерде қабылданып, соған сәйкес ұғым-түсініктердің де кірме атаулармен санасында бекіп қалатынын көрсетті. Демек, жастардың этномәдени тілдік құзыреті қалыптасу үшін оларға ұсынылатын дүниелердің ана тілінде болғаны абзал деп ой түйеміз.

Қорыта айтқанда, ана тілінде сөйлейтін жастардың этномәдени сана көріністерін ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттеу ұлттық тілдің өміршеңдігі, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерімен ұштасып, осы бағыттағы маңыздылығын арттырады.

#### Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

**Авторлардың қосқан үлесі.** М.К. Ахметова мақаланың негізгі тұжырымдамасын ұсынып, зерттеу нәтижелерін жинақтап қорытты, мақаланың негізгі бөлігін жазды. Л.А. Еспекова ассоциациялық тәжірибені жүргізуге қатысып, алынған материалдарды саралап, талдады, мәтін мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарады. Авторлар тең дәрежеде жұмыстың барлық аспектілері мен деректердің дұрыстығы үшін жауапты.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 30 б.
- 2 Nagy G. Six Studies of Sacral Vocabulary Relating to the Fireplace. Harvard Studies in Classical Philology. – 1974. – №78. – P. 71-106. DOI: <https://doi.org/10.2307/311202>
- 3 Clinton A.B. Very Members Incorporate: Reflections on the Sacral Language of Divine Worship. Antiphon // A Journal for Liturgical Renewal. – 2015. – №19(2). – P. 132-154. DOI: <https://doi.org/10.1353/atp.2016.0002>
- 4 Stross B. The Mesoamerican sacrum bone: doorway to the otherworld. – The University of Texas at Austin, 2007. – 54 p. [Electronic recourse]. – Available at: <http://research.famsi.org/aztlan/uploads/papers/stross-sacrum.pdf> (accessed: 25.12.2023)
- 5 Мәдиева Г.Б., Таусоғарова А.Қ., Досанова А.М. Когнитивтік лингвистика теориясы. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020. – 63 б.
- 6 Қазақ тілінің ұлттық корпусы. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://qazcorpus.kz/> (қаралған күні: 25.12.2023)
- 7 Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә., Карбозова Б.Д., Қожахметова А.Қ. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 267 б.

- 8 Kent G. H., & Rosanoff A. J. A Study of Association in Insanity // American Journal of Psychiatry. – 2006. – №67(1). – P. 37-96. DOI: <https://doi.org/10.1176/ajp.67.1.37>
- 9 Pollio H. The Structural Basis of Word Association Behaviour. – The Hague Paris: Mouton & Co, 1966. – 243 p. – URL: <https://books.google.kz/books?hl=>
- 10 Clark H. Word associations and linguistic theory. New horizons in linguistics. – UK: Penguin Books, 1970. – P. 271-286. [Electronic recourse]. – URL: <http://www.web.stanford.edu/~clark/1970s>
- 11 Ufimtseva N. V. Association-Verbal Network As A Model Of The Linguistic Picture Of The World. Word, Utterance, Text: Cognitive, Pragmatic and Cultural Aspects // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2020. – №86(1). – P. 1460-1465. DOI: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.08.169>
- 12 Zahorodnia O. Web-project “Stimulus” as a Tool of Psycholinguistics // Psycholinguistics. – 2021. – №29(2). – P. 76-102. DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-76-102>
- 13 Semenova O., Khrystych N. Representation of COLOR Concept in the French Phraseological Picture of the World and its Perception by Ukrainian Francophone Students // Psycholinguistics. – 2022. – №32(2). – P. 76-105. DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2022-32-2-76-105>
- 14 Дмитриук Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А., Абрамова Г.И. Қазақша ассоциациялық сөздік. Казахский ассоциативный словарь. – Алматы-Москва: Медиа-ЛогоС, 2014. – 330 с.
- 15 Dmitryuk N., & Abramova G. Associative Dictionaries as an Ethnic Mental Phenomenon: Basic Values in the Core of Ethnic Group Language Consciousness. Psycholinguistics. – 2021. – №30(2). – P. 59-84. DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-30-2-59-84>
- 16 Алдашева К.С., Набидуллин А.С. Лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісі: эмпирикалық зерттеу нәтижелері // ҚазҰУ. Филология сериясы. – 2022. – №3(187). – Б. 14-24. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.02>
- 17 Мұхамеджанова Г.Т. Лингводидактикадағы ассоциативті эксперимент тәсілі // ҚазҰУ. Филология сериясы. – 2022. – №4(188). – Б. 90-101. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.010>
- 18 Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау. – Алматы: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, 2022. – 268 б.
- 19 «Сөздікқор» порталы [Электрон. ресурс]. – URL: <https://sozdikqor.kz/> (өтініш берген күні: 05.01.2024)
- 20 Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: ТОО «Prosper Print», 2013. – 336 б.

М.К. Ахметова, Л.А. Еспекова\*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Репрезентация сакральной лексики в языковом сознании

**Аннотация.** Лексико-семантическая система языков содержит общие черты и части семантического пространства, характерные для носителей языка. Сакральная лексика, рассматриваемая в неразрывном единстве с историей, бытом, познанием, религией нации, формирует лексическую группу, образующую смысловое пространство языка этноса.

В казахской лингвистике семантика и этимология сакральной лексики, связь сакральных слов с бытом и познанием, и их основные причины овладения сакральности изучаются в совокупности с этнографией, историей, культурой, однако восприятие сакральной лексики языковым сознанием современного поколения и ее репрезентация не рассматриваются. Поэтому статья актуальна с научной и практической точки зрения в определении жизнеспособности нации и национального языка через проявления языкового сознания.

Цель исследования - определение современной ассоциативной репрезентации единиц с сакральной семой в сознании. Выявление образов, связанных со словами *колыбель*, *лук*, *веретено*, позволяет понять неразрывное единство языка и нации, оценить сохранность национального кода, и познать через родной язык уникальность нации в эпоху глобализации.

Путем свободного ассоциативного эксперимента, опроса была определена репрезентация сакральной лексики в языковом сознании. Результат выявил преобладание национального характера в проявлении языкового сознания и сакральные единицы о жизни, традициях и обычаях народа в сознании молодежи. Этот результат важен для сохранения нации и передачи смысла священных вещей в казахском познании из поколения в поколение. Индивидуальные ответы участников выявили влияние других культур, определенные через анализ реакции на слова стимулы «колыбель», «лук» и «веретено».

**Ключевые слова:** языковое сознание, сакральная лексика, ассоциативный эксперимент, репрезентация, этнопсихоллингвистика.

**M.K. Akhmetova, L.A. Yespekova\***

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Representation of sacred vocabulary in linguistic consciousness**

**Abstract.** The lexical-semantic system of languages exhibits a set of common features and a range of semantic spaces that are characteristic of native speakers. The sacral lexicon, considered inseparable from the history, life, cognition, and religion of the nation, forms a lexical group that constitutes the semantic space of the language of an ethnos.

In Kazakh linguistics, the semantics and etymology of the sacral lexicon, the connection of sacral words with everyday life and cognition, and the primary reasons for mastering sacredness are studied in conjunction with ethnography, history, and culture. However, the perception of the sacral lexicon by the linguistic consciousness of the modern generation and its representation are not considered. Accordingly, the article is significant from both a scientific and practical standpoint in elucidating the vitality of a nation and its national language through the manifestations of linguistic consciousness.

The study aims to identify the modern associative representation of units with sacred meaning in the nation's cognition. Analyzing linguistic consciousness associated with words "cradle," "bow," and "spindle" reveals the inseparable unity of language and nation. This evaluation assesses the preservation of the national code and unveils the uniqueness of a nation through the native language in the globalized era.

The article uses an associative experiment, the survey, to study sacred vocabulary in linguistic consciousness. Results show a prevalence of national character, indicating that sacred units with people's life, traditions, and customs persist in younger generations, crucial for preservation and transmission. The influence of other cultures becomes apparent in individual responses to stimulus words like "cradle," "bow," and "spindle," as revealed through the analysis of participants' reactions in the experiment.

**Keywords:** linguistic consciousness, sacred lexicon, associative experiment, representation, ethnopsycholinguistics.

### **References**

1 Kerimbayev A.E. Kazak tilindegi sakraldy ataulardyn etnolingvistikalyk sipaty: fil. gyl. kand. ... avtoref. [Ethnolinguistic nature of sacral names in the Kazakh language: the autoref. of the kand. of phil. scien.]. (Almaty, 2007, 30 p.) [in Kazakh]

2 Nagy G. Six Studies of Sacral Vocabulary Relating to the Fireplace. *Harvard Studies in Classical Philology*. 78, 71-106 (1974), DOI: <https://doi.org/10.2307/311202>

3 Clinton A. B. Very Members Incorporate: Reflections on the Sacral Language of Divine Worship. *Antiphon: A Journal for Liturgical Renewal*, 19(2), 132-154 (2015), DOI: <https://doi.org/10.1353/atp.2016.0002>

4 Stross B. The Mesoamerican sacrum bone: doorway to the otherworld. (The University of Texas at Austin, 2007, 54 p.). [Electronic recourse]. – Available at: <http://research.famsi.org/aztlan/uploads/papers/stross-sacrum.pdf>

- 5 Madieva G.B., Tausogarova A.K., Dosanova A.M. Kognitivtik lingvistika teoriyasy. Oku-adistemelik kuraly [Theory of cognitive linguistics. Educational and methodological tool]. (Almaty, 2020, 63 p.) [in Kazakh]
- 6 Kazcorpus. (n.d.). Kazak tilinin ulttyk korpussy [National corpus of the Kazakh language]. [Electronic resource]. – URL: <https://qazcorpus.kz/about/1/> (accessed: 25.12.2023). [in Kazakh]
- 7 Zhubanov A.K., Zhanabekova A.A., Karbozova B.D., & Kozhahmetova A.K. kazak tilining zhiilik sozdigi [Frequency dictionary of the Kazakh language]. (Almaty, 2016, 267 p.) [in Kazakh]
- 8 Kent G. H., & Rosanoff A. J. A Study of Association in Insanity. American Journal of Psychiatry. 67(1), 37-96 (2006), DOI: <https://doi.org/10.1176/ajp.67.1.37>
- 9 Pollio H. The Structural Basis of Word Association Behaviour. (The Hague Paris: Mouton & Co, 1966, 243 p.). – URL: <https://books.google.kz/books?hl=>
- 10 Clark H. Word associations and linguistic theory. New horizons in linguistics. (UK. Penguin Books, 1970. – pp. 271-286). – URL: <http://www.web.stanford.edu/~clark/1970s>
- 11 Ufimtseva N. V. Association-Verbal Network As A Model Of The Linguistic Picture Of The World. Word, Utterance, Text: Cognitive, Pragmatic and Cultural Aspects, European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, 86(1), 1460-1465 (2020), DOI: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.08.169>
- 12 Zahorodnia O. Web-project “Stimulus” as a Tool of Psycholinguistics. Psycholinguistics. 29(2) 76-102 (2021), DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-76-102>
- 13 Semenova O., & Khrystych N. Representation of COLOR Concept in the French Phraseological Picture of the World and its Perception by Ukrainian Francophone Students. Psycholinguistics. 32(2), 76-105 (2022), DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2022-32-2-76-105>
- 14 Dmitryuk, N.V., Moldaliev, D.A., Narozhnaya, V.D., Moldanova, ZH.I., Mezenceva, E.S., Sandybaeva, N.A., & Abramova, G.I. Kazaksha asociaciyaalyk sozdik. Kazakshii assotsiativnyi slovar [Kazakh associative dictionary]. (Media-LogoS, Almaty-Moscow, 2014, 330 p.) [in Russian and in Kazakh].
- 15 Dmitryuk N., & Abramova G. Associative Dictionaries as an Ethnic Mental Phenomenon: Basic Values in the Core of Ethnic Group Language Consciousness. Psycholinguistics. 30(2), 59-84 (2021), DOI: <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-30-2-59-84>
- 16 Aldasheva K.S., & Nabitullin A.S. Leksikaalyk zhanalyktardyn mentaldy leksikon dagy asociativtik-verbaldy zhelisi: empirikaalyk zertteu natizheleri [The associative-verbal network of lexical news in the mental lexicon: results of an empirical study]. KazUU: Filologiya seriyasy. [KazNU Bulletin. Philology series], 3(187), 14-24 (2022), DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.02> [in Kazakh]
- 17 Muhamedzhanova G.T. Lingvodidaktikadagy asociativti eksperiment tasili [Method of associative experiment in linguodidactics]. QazUU: Filologiya seriyasy [KazNU Bulletin. Philology series], 4(188), 90-101 (2022), DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.010> [in Kazakh]
- 18 Kazak tilinin lingvomadeni sozdigi: etnosemantikaalyk taldau [Linguistic and cultural dictionary of the Kazakh language: ethnosemantic analysis]. (Almaty, (2022, 268) [in Kazakh]
- 19 “Sozdikkor” portaly [Dictionary portal]. [Electronic resource]. – Available at: <https://sozdikkor.kz/> (accessed: 05.01.2024) [in Kazakh].
- 20 Tuimebayev Zh., Yeskeyeva M. Kone turki zhazba eskertkishteri tilinin morfologiyaalyk zhuiesi [Morphological system of the language of Old Turkic written monuments]. (Astana, 2013, 336 p.) [in Kazakh].

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Ахметова М.К.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-0542-1755.

**Еспекова Л.А.** – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-5485-5125.

**Ахметова М.К.** – кандидат филологических наук, и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0003-0542-1755.

**Еспекова Л.А.** – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0001-5485-5125.

**Akhmetova M.K.** – Candidate of Philology, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-0542-1755.

**Yespekova L.A.** – corresponding author, Candidate of Philology, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-5485-5125.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).